

## **Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № 167 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 14 маусымда № 7762-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Г. Нурмухамбетов*

Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі

2024 жылғы 13 маусымдағы

№ 167 Қаулысына

қосымша

## **Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулылардың тізбесі**

1. "Тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі бірлігіне арналған субсидиялар нормативін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 57 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6094 болып тіркелді).

2. "Тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі бірлігіне арналған субсидиялар нормативін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы

әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 57 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 148 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23840 болып тіркелді).

3. "Тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі бірлігіне арналған субсидиялар нормативін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 57 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 қарашадағы № 214 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7628-15 болып тіркелді).